Пайдалану бойынша нұсқаулық

Термопот
THP-7600

DEXP

Мазмұны

Құрылғы мақсаты 3

Сақтық шаралары 3

Құрылғы схемасы..... 5

Пайдалану нұсқаулығы 6
Басқару тақтасы 6
Колбаны сумен толтыру 6
Қайнату..... 7
Құрғақ қайнатудан қорғау..... 7
Су беру..... 8

Қызмет көрсету және күтім..... 8
Тығыздағыш сақинаны тазалау..... 9
Қақпақты ажырату 9

Ықтимал мәселелер және оларды шешу жолдары 10

Техникалық сипаттамалар..... 11

Жинақталым..... 11

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары 11

Қосымша ақпарат 12

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.
Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты


Термопот суды жылытуға және тұрмыстық жағдайда оның қажетті температурасын ұстап тұруға арналған.


Сақтық шаралары


- Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Термопотты дұрыс пайдаланбау оның бұзылуына, сондай-ақ пайдаланушыға зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғыны тек тұрмыстық мақсатта пайдалануға рұқсат етіледі, ол коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Құрылғыны ғимараттан тыс жерде пайдаланбаңыз. Оны жоғары температурадан, тікелей күн сәулесінен және ылғалдан қорғаңыз.
- Алғашқы қосу алдында термопоттың электрлік параметрлері сіздің қуат желіңіздің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғыны тек жерге тұйықтау тізбегі бар қуат көзіне қосыңыз.
- Термопотты тек жақсы желдетілетін орындарға орнатыңыз.
- Құрылғыны су көздеріне жақын жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны ешқашан судың астына қоймаңыз және оны толығымен суға батырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланбаған кезде, сондай-ақ оны тазалаған кезде немесе ақаулық анықталған жағдайда қуат көзінен ажыратыңыз.
- Термопотты сумен максималды деңгейден жоғары толтырмаңыз, су асып кеткен жағдайда күйіп қалмау үшін. Сондай-ақ, егер колбадағы судың деңгейі ең төменгі деңгейден төмен болса, термопотты қоспаңыз, себебі бұл құрылғының зақымдалуына және өртке әкелуі мүмкін.
- Термопот тек таза суды жылытуға арналған. Сынудың алдын алу үшін онда басқа сұйықтықтарды қыздырмаңыз, сондай-ақ ішіне шай жапырақтарын, шай пакеттерін және т.б. қоспаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде одан шығатын бу өте ыстық және күйік тудыруы мүмкін. Қолды немесе дененің басқа да ашық бөліктерін бу шығатын тесікке жақындатпаңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері жұмыс барысында қатты қызып кетеді. Ыстық беттерді қолыңызбен ұстамаңыз.
- Құрылғы қосылған кезде, құрылғыдан шығатын бу мен жылудың әсерінен олардың зақымдануын болдырмау үшін қабырғалардан, жиһаздардан және басқа да электр құрылғыларынан кемінде 30 см қашықтықта болуы керек.

- Құрылғының құлауы салдарынан орын алатын жазатайым оқиғалар мен оның істен шығуын болдырмау үшін термопотты тұрақсыз немесе көлбеу беттерге орнатуға тыйым салынады.
- Құрылғыны іске қоспас бұрын оның қақпағының мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз. Будың шығу тесігін жауып қоймау үшін жұмыс істеп тұрған құрылғыны ештеңемен жаппаңыз.
- Термопот жұмыс істеп тұрған кезде күйіп қалмау және жарақат алмау үшін оны қозғалтпаңыз және тасымалдамаңыз. Ыстық судың шашырауынан күйіп қалмау үшін су құйып жатқанда немесе оны резервуардан төгіп жатқанда корпусты бұрмаңыз.
- Термопоттан қалған суды төкпес бұрын, оның құлап, зақымдануын болдырмау үшін жоғарғы қақпақты толығымен шешіп алыңыз.
- Термопотты қуат көзінен ажыратқан кезде қолмен ашадан ұстаңыз, электр сымын тартпаңыз.
- Термопотты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Қуат сымы немесе ашасы зақымдалған термопот қолданбаңыз. Сымды ауыстыру мақсатында уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Электр тогының зақымдануын болдырмау үшін құрылғыны ешқашан өз бетіңізше бөлшектемеңіз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ. Жөндеу үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Қуат беру желісінің шамадан тыс жүктелуін болдырмау үшін термопотты басқа энергияны көп қажет ететін құрылғылармен бірге пайдаланбаңыз.

Құрылғы схемасы








1. Қақпақты ашу батырмасы.
2. Басқару тақтасы.
3. Су беру шүмегі.
4. Су беру тетігі.
5. Су деңгейінің шкаласы.
6. Корпус.
7. Бұдың шығу тесіктері.
8. Тасымалдауға арналған тұтқа.
9. Ішкі қақпақ.
10. Ішкі қақпақтың тығыздағыш сақинасы.
11. Ашалы қуат сымы.

Пайдалану нұсқаулығы

Басқару тақтасы




1. Қайта қайнату/дехлор батырмасы.
2. Қайнату индикаторы.
3. Жылуды сақтау режимінің индикаторы.
4. Су беруді бұғаттау батырмасы.
5. Су беру батырмасы.

Колбаны сумен толтыру

Қақпақты ашып, термопот колбасына қажетті мөлшерде су құйыңыз.


Назар аударыңыз!

- Судың корпусқа және басқару тақтасына түспеуін қадағалаңыз.
- Құйылған судың деңгейі максималды деңгейден төмен болуын қадағалаңыз, әйтпесе су қайнау кезінде құрылғыдан төгіліп кетуі мүмкін.
- Колбаны толтырып болған соң әрқашан қақпағын жабыңыз.
- Су деңгейі өлшеу шкаласындағы ең төменгі белгіден төмендеген кезде, суды құйып, қайта қайнатуды іске қосыңыз. Құрылғының су деңгейі жеткіліксіз болғанда жұмыс істеуі оның зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.




Қайнату

1. Қуат сымының бір ұшын құрылғының артқы жағындағы қосқышқа, ал екінші ұшын розеткаға қосыңыз. Екі ұшы да тығыз жалғанғанын тексеріңіз.



2. Құрылғы қуат көзіне қосылған бойда, ол автоматты түрде суды қайната бастайды — тақтадағы «Қайнату» индикаторы жанады.
3. Қайнату аяқталғаннан кейін құрылғы жылуды сақтау режиміне ауысады: бұл режимде ол судың температурасын автоматты түрде 85 °C деңгейінде ұстап тұрады. «Қайнату» индикаторы өшеді, «Жыуды сақтау» индикаторы жанады.



4. Суды қайтадан 100°C-қа дейін қайнату үшін «Қайнату / Дехлор» батырмасын басыңыз. «Қайнату» индикаторы қайта жанады.

Құрғақ қайнатудан қорғау


Егер термопотта су таусылса, құрғақ қайнатуға қарсы қорғаныс жүйесі іске қосылады және ол 4 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Колба бос болғанда немесе су деңгейі шкаладағы ең төменгі белгіден төмен болғанда қайнатуды іске қосу қызып кетуге, құрылғының зақымдануына және өртке әкеп соғуы мүмкін. Колбадағы судың әрдайым жеткілікті болуын қадағалаңыз.


Су беру

Ыдысқа ыстық суды екі тәсілдің бірімен құюға болады:

1. Ыдысты шүмектің астына қойыңыз. Электр сорғысын бұғаттаудан шығару үшін «Бұғаттау» батырмасын басыңыз — батырманың индикаторы жанады. Суды құю үшін «Су беру» батырмасын басып тұрыңыз.



2. Ыдыстың шетімен шүмектің артындағы тетікті басыңыз, сонда су төгіле бастайды.




Ескерту: Егер құрылғы біраз уақыт пайдаланылмаса, судың берілуі нашар болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін қақпақты ашып, қайта жабыңыз.

Қызмет көрсету және күтім

Назар аударыңыз! Құрылғыны электр желісінен ажыратып, тазалауды бастамас бұрын оның салқындауын күтіңіз.


1. Құрылғыдан қалған суды төгіп тастаңыз. Термопоттың шүмегі жоғары қарай бағытталғанын және судың басқару тақтасына, тұтқаға және қуат сымына түспейтінін қадағалаңыз. Суды стрелка бағытымен төгіңіз.



2. Корпустың сыртын жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Қатты кірлерді жақсылап сығылған сәл дымқыл матамен кетіруге болады.
3. Тазалау үшін абразивті немесе құрамында бензол бар тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар корпусты деформациялауы немесе бояудың түсін өзгертуі мүмкін.
4. Құрылғыны суға батыруға немесе оны тазалау үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдалануға тыйым салынады.
5. Термопот колбасын ылғалды жұмсақ ысқышпен сүртіп тазалау ұсынылады. Жуғыш заттарды, сондай-ақ қатты ысқыштарды қолданбаңыз.
6. Тазалау аяқталғаннан кейін термопоттың барлық бөлшектерін мұқият сүртіңіз. Кептіру үшін оны төңкеріп қоймаңыз, себебі төмен қарай аққан су корпустың ішіне өтіп кетуі мүмкін.
7. Минералды қоспалары көп құбыр суын жиі қайнатқан жағдайда, колбаның қабырғаларында уақыт өте келе қақ жиналуы мүмкін, бұл құрылғының жұмыс істеу тиімділігіне кері әсерін тигізеді. Колбаны 2-3 айда бір рет лимон қышқылының ерітіндісімен қақтан тазарту ұсынылады.

Тығыздағыш сақинаны тазалау


Егер тығыздағыш сақина зақымдалған болса, құрылғының жұмысы кезінде қақпақтан бу ағып кетуі мүмкін. Зақымдалған сақинаны ауыстыру қажет, ол үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.



Қақпақты ажырату

Жоғарғы қақпақты тазалауға ыңғайлы болу үшін ажыратуға болады.

1. Термопоттың қақпағын ашыңыз.
2. Қақпақтың артқы жағындағы батырманы басып, оны бекіткіштен шығару үшін қақпақты жоғары тартыңыз.
3. Тазалау аяқталғаннан кейін қақпақты орнына орнату үшін оны бекіткішке салып, соңына дейін басыңыз.



Ықтимал мәселелер және оларды шешу жолдары

Мәселе	Ықтимал себеп	Шешім
Құрылғы қосылмайды	Қуат сымы тығыз қосылмаған немесе розетка бұзылған	Қуат сымын екі жағынан тығыз жалғағаныңызға көз жеткізіңіз. Пайдаланып жатқан розетканың дұрыс екенін және онда кернеу бар екенін тексеріңіз
Беру батырмасын басқан кезде су кірмейді	Су беру функциясы бұғатталған	Құлыпты ашу батырмасын, содан кейін су беру батырмасын басыңыз
	Термопотта су тым аз	Су құйыңыз
	Су қайнағаннан кейін біраз уақытқа дейін шықпауы немесе біркелкі шықпауы мүмкін	Ауа көпіршіктерін шығару үшін қақпақты ашып, қақпақты жабыңыз
Ыстық су термопоттан су беру батырмасы басылмаған кезде ағады	Су ең жоғарғы шектен асып кетті	Суды максималды деңгейден жоғары құймаңыз
	Термопот тегіс емес немесе көлбеу бетке орнатылған	Термопотты тек тегіс тұрақты бетке орнатыңыз
Термопоттан құйылған суда ақ бөлшектер жүзіп жүр	Минералды заттардың мөлшері жоғары құбыр суы қақ түзілуіне бейім, ол колбаның ішкі қаптамасына жабысып, суға түседі.	Колбаны лимон қышқылының ерітіндісімен қақтан тазартыңыз
Қайнатқаннан кейін жағымсыз иіс пайда болады	Хлорланған су құбыры суы қайнатқан кезде жағымсыз иіс беруі мүмкін	Суды қайта қайнатыңыз
	Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде өндірушінің зауытында қыздыру элементіне жағылған майдың жануынан жағымсыз иіс пайда болуы мүмкін	Бұл қалыпты құбылыс, бірінші рет қолданғаннан кейін иісі кетеді
Термопот жұмыс істемей тұрғанда оның беті қызып кетеді	Судың жоғары температурасын сақтау мақсатында термопот 65 °C дейін қыздырылуы мүмкін	Бұл қалыпты құбылыс

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: THP-7600.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Қуат параметрлері: 220–240 Вт ~ 50/60 Гц.
- Қуаттылығы: 850–1010 Вт.
- Сыйымдылығы: 8 л.
- Корпус материалы: тот баспайтын болат, пластик.
- Колбаның материалы: тот баспайтын болат.
- Электр тогының соққысынан қорғау класы: I.
- Ылғал мен шаңнан қорғау дәрежесі: IPX0.
- Қуат сымының бекітілу түрі: X.
- Сымның ұзындығы: 1,4 м.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерде ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және дұрыс емделмеген жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Қосымша ақпарат

Manufacturer: Zhongshan City White Horse Electric Co., Ltd.
Shenghui North Industrial Area, Nantou Town, Zhongshan City, Guangdong Province, P.R. China.

Өндіруші: Чжуншань Сити Уайт Хорс Электрик Ко., ЖШС.
Чжуншань қаласы, Наньтоу, Шэнхуэй солтүстік өнеркәсіптік аймағы, Гуандун провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекенжайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Сапаны жақсарту мақсатында пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өнімнің сипаттамалары, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қою күні:_____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімі бойында үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.
Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.
Пайдалану мерзімі: 30 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымның қатқыл магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: бұйымды пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, жергілікті заңнамаға сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса.
- Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БЖ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картриджерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.

Жазбалар үшін

